

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 қаңтар N 111. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.25. N 53 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:  
1 ) < \* >

2) Агенттік қарамағындағы ұйымдар тізбесі бекітілсін.

*ЕСКЕРТУ. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1112 қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Агенттікті республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қарашадағы N 1807 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 52, 517-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі туралы ережеде:

10-тармақтың 8) тармақшасы және 11-тармақтың 15) тармақшасы алынып тасталсын.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 657 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 22, 224-құжат) 2-тармағының 3) тармақшасы;

2) "Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің

мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1268 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 43, 393-құжат).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 23 қаңтардағы

N 111 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі  
агенттігі қарамағындағы ұйымдар**

**Тізбесі**

"Резерв" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.